



ЗАМАНАУИ ҚАН ОРТАЛЫҒЫ ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ТАБЫСТАЛМАҚ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес әзірленген «Денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың 2024-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы» қаралды.

Ұзақ мерзімді тұжырымдамаға жаңа нысандар салу, ескірген ғимараттарды қайта жаңғырту, заманауи медициналық құрылыстармен жабықтау мәселелері енгізілген.

Үкімет отырысынан кейінгі арнайы мәжілісте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев денсаулық сақтау саласының инфрақұрылымын жетілдіруде қолға алынған, жоспарланған жұмыстарға тоқталды.

«Қазір аймақта тұрғындардың медициналық қызметке қолжетімділігін арттыру, сала инфрақұрылымын жетілдіру жөнінде жүргізілуде. Өткен жылы «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында елді мекендерде 15 жаңа дәрігерлік амбулатория, 1 медициналық бекет пайдалануға берілді.

Қалған II нысанның құрылысы жыл соңына дейін аяқталып, ел игілігіне табысталады. Жакын күндері ұлттық жоба аясында Шиелі ауданында 30



төсектік инфекциялық бөлімше құрылысы басталады. Барлық елді мекендердегі денсаулық сақтау ұйымдарына 200 санитарлық автокөлік алынууда. Осы кезге дейін облыстық Қан орталығының жеке ғимараты болмаған. Медицина қызметкерлері күні қарсаңында сол жағалаудағы жаңа Қан орталығын пайдалануға беріп, медицина ұйымдарына 50 санитарлық автокөлік табыстаймыз», – деді аймақ басшысы.

Нұрлыбек Машбекұлы жауапты мекеме басшыларына құрылысы қолға алынған, қайта жаңғыртудан, күрделі жөндеуден өтетін нысандардағы жұмыс сапасы мен мерзімін қатаң

бақылауды тапсырды. Нысандар ең алдымен халыққа ыңғайлы, жайлы болуы тиіс. Мұнан бөлек, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысына жанадан пайдалануға берілетін мекемелерді заманауи, қажетті құрылыстармен толық қамтамасыз ету тапсырылды.

Еске салсақ, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде Қызылорда қаласының Досан ауылында жаңа медициналық бекет, Баймұрат батыр ауылында жаңа дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді.

Көпбейінді облыстық аурухана базасында жаңа МРТ аппараты іске қосылып, 70 орындық перинаталдық бөлім

ашылды. Жергілікті бюджет есебінен Жаңақорған ауданының Төменарық ауылында дәрігерлік амбулаториясымен қоса 15 төсектік ауылдық аурухана құрылысы жүргізілуде.

Облыс орталығында бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы қарқын алды.

Был 3 млрд. 800 млн. теңгеге 8 медициналық нысанға күрделі жөндеу жүргізіліп, 5 нысанның жылу жүйесі газға ауыстырылады. Сондай-ақ, өткен жылы облыстық денсаулық сақтау ұйымдарына 513 млн. теңгеге 25 жаңа санитарлық автокөлік берілді.

ҚЫЗЫЛОРДАДА БҮЙРЕК ТРАНСПЛАНТАЦИЯСЫ ЖАСАЛДЫ



Қызылордада Көпбейінді облыстық ауруханада күрделі екі ота жасалды. Жиырма төрт жастағы азаматшаға 45 жастағы әпкесі донор болды. Реципиенттің диагнозы: терминалды бүйрек жетіспеушілігі. Ол ең алғаш 2018 жылы трансплантация жасатқан. Ол кезде ағасы донор болған. Алайда науқас пандемия кезінде COVID-19 дертіне шалдығып, бүйрек ауруын асқындырып алып, бүгін екінші мәрте жасатты.

Отаны Көпбейінді облыстық аурухананың директоры, PhD доктор, трансплатолог Жасұлан Баймаханов, директордың хирургия жөніндегі орынбасары Ербол Серікұлы және А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығының Бүйрек трансплантациясы, урология және нефрология бөлімшесінің білікті мамандары жасады. Білікті мамандар өз тәжірибесімен еліміздің барлық дәрігерлеріне онлайн шеберлік сағаты арқылы бөлісті. Операция сәтті өтті.

Қызылорда облысында білікті мамандар артып, күрделі оталар жасалуда. Айта кету

керек, бұл аймақта жасалған бесінші бүйрек трансплантациясы. Қазір Қазақстанда донорлық органдарға бес мыңнан астам адам мұқтаж. Қызылорда облысында созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі диагнозымен 600-ден астам адам есепте тұр. Оның ішінде гемодиализде – 370 науқас. Созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі бар адамдар күн сайын гемодиализ процедурасынан өтуге мәжбүр.

Қызылорда бойынша күту тізімінде 191 пациент бар. Сонымен қатар, жыл сайын бұл ауру аймақтың шамамен 100 тұрғынында анықталады.

ҚАЗАҚСТАНДА ТАҒЫ БІР ҚҰЖАТ ЦИФРЛАНДЫРЫЛДЫ

Цифрлық құжаттардың қатары негізгі орта және жалпы орта білім туралы аттестатпен толықты. Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметінің мәліметінше, ол енді eGovMobile мобильді қосымшасындағы «Bilim» жаңа қызмет көрсету сервисінде қолжетімді.

«Осы жылдан бастап мектеп түлектері аттестаттарын цифрлық нұсқада ала бастайды. Ол үшін eGovMobile мобильді қосымшасындағы «Bilim» сервисіне өту керек, мұнда

«Менің балаларым» бөлімінде ата-аналар мен заңды өкілдері үшін көмелетке толмаған балалардың құжаттары қолжетімді болады», – дейді цифрландыру департаменті директорының міндетін атқарушы Майра Маралбаева.

Естеріңізге сала кетейік, осыдан бір ай бұрын ҚР Оқу-ағарту министрлігі eGovMobile мобильді қосымшасында «Bilim» жаңа сервисін іске қосқан болатын. Мұнда білім туралы мәліметтер, цифрлық құжаттар берілген бірнеше бөлім бар.

«ЗАҢСЫЗ КЕЛУШІ»: ҚЫЗЫЛОРДАДА 350 ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚ АНЫҚТАЛДЫ

ҚР ИІМ нұсқауына сәйкес қала аумағында «Заңсыз келуші - 2024» жедел профилактикалық іс-шарасы өтті.

Жедел-профилактикалық іс-шараны өткізу мақсаты қала көлемінде заңсыз көші-қондық арналарын анықтау және жолын кесу, қоғамдық тәртіпті сақтау, сонымен қатар көші-қондылықты бақылау жұмыстарын жүзеге асыру кезінде құқық бұзушылықтар мен қылмыстарға жол бермеуге бағытталған кешенді шаралар қабылдана болып табылады.

Іс-шара барысында қала аумағына келген шетелдіктердің

көші-қон заңнамаларын бұзу деректерін анықтау, оларды әкімшілік жауапкершіліктерге тарту, іздеуде жүрген қылмыскерлерді анықтау мақсатында шетелдіктердің уақытша тіркелген мекен-жайларын, салынып жатқан құрылыс нысандары, базарлар мен дәмханалар тексеріліп, рейттік іс-шаралар жүргізілуде. Іс шара аясында жалпы 350 заң бұзушылық анықталды. Нәтижесінде көші-қон заңнамаларын бұзған

ҚР ӘҚБТК-нің 517 бабымен (Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның ҚР халықтың көші-қон саласындағы заңнамасын бұзуы) 350 шетелдік анықталды.

Сонымен бірге ҚР ӘҚБТК-нің 518 бабымен (Шетелдіктерді және азаматтығы жоқ адамдарды қабылдайтын жеке немесе заңды тұлғалардың ҚР-ның халықтың көші-қон саласындағы заңнамасын бұзуы) 59 ҚР азаматтары және ӘҚБТК-нің 519 бабымен (Шетелдік жұмыс күшін және еңбекші көшіп келушілерді ҚР заңнамасын бұза отырып тарту, шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның ҚР еңбек қызметін

заңсыз жүзеге асыруы) бойынша 11 ҚР азаматына әкімшілік шаралар көрілді.

Қызылорда қаласы мамандандырылған әкімшілік сот қауыпсымен 4 Өзбекстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасы аумағынан әкімшілік жолмен шығарылды. Осыған байланысты, аталған бағыттағы жұмыстарды жандандыру мақсатында Көші-қон қызметі бөлімінің қызметкерлері нақты тапсырмалар бойынша тиісті ұйымдастырушылық шаралар қабылдады. Бұл бағыттағы жұмыстар өз жалғасын табады.

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ, «ЖАРАСЫМДЫ ЖАНҰЯ» ЖУРНАЛЫ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2024 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2500 теңге;

«Жарасымды жанұя» журналына жеке жазылушылар үшін индекс 47023

6 айға – 2850 теңге.

БАСЫЛЫМДАРЫМЫЗДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАҢДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 777 752 5463; 8 705 982 7661.

МӘЖІЛІС ӨТТІ



Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен аудандағы білім саласы мен жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласында атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы міндеттерді талқылауға қатысты аппарат мәжілісі өтті.

Мәжілісте аудандық білім бөлімінің басшысы Әділхан Жөлекешов мұғалімдердің әдеп нормаларын сақтауы және балалардың жазғы мезгілдегі демалысын тиімді ұйымдастыру туралы хабарлама жасады, оған қосымша аудандық полиция бөлімінің бастығы Асылбай Ансатов пен аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Алтынбек Қалиев жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтар мен жазғы сұға түсу маусымы кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы баяндады. Сондай-ақ, күн тәртібіндегі екінші мәселе жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласында атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы міндеттер туралы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік

бағдарламалар бөлімінің басшысы Совет Бабаанов баяндама жасады.

Баяндамашылардан кейін аудан әкімі бүгінгі қоғамда балаға беріліп жатқан білім мен ұрпақ тәрбиесі ең өзекті мәселе екенін айтып, бұл салада кемшіліктерді жою қажеттігін жеткізді. Еліміздегі оның ішінде біздің өңіріміздегі білім ошақтарында оқушылар мен ұстаздардың қатысуымен орны алып жатқан келенсіз оқиғаларды, зорлық-зомбылық, оқушылардың бір-біріне әлімжеттік көрсетуі сынды мәселелерді ортаға салып, бұл мәселелердің алдын алуға қоғам болып кірісуге шақырды. Сонымен қатар жауапты сала басшыларына жазғы демалыс маусымы кезінде мұғалімдердің әдеп нормаларын сақтауы,

балалардың жазғы мезгілдегі демалысын тиімді ұйымдастыру, ата-аналарымен үнемі байланысты болып балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, түнгі рейд жұмыстарын күшейтуге қатысты бірқатар тапсырмалар жүктелді. Сондай-ақ қала, кент және ауылдық округ әкімдеріне аудандық төтенше жағдайлар бөлімімен бірлесе отыра елді мекендердегі су айдындарына кезекшілік кестесін бекітіп, рейд жұмыстарын тұрақты түрде жүргізілуде.

Жасөспірімдерді беймезгіл уақытта жүруіне қарсы ұйымдастырылған рейд барысында 79 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Оның ішінде, көмелетке толмағандардың түнгі уақытта жүргені үшін 71 ата-анаға қатысты (ӘҚБТК-нің 442) әкімшілік шара көрілді және ата-ананың міндеттерін орындамаған үшін 1 жасөспірімнің ата-анасына қатысты (ӘҚБТК-нің 127) әкімшілік шара көрілді. Сонымен қатар, 1 ойын сауық мекеме иелеріне қатысты көмелетке толмағандардың болуына жол бергені үшін (ӘҚБТК-132) шара көрілді.

Бұл бағыттағы жұмыстар күнделікті жүргізіледі. Негізгі мақсат - жастар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыстың, топтық төбелестердің алдын алу және көмелетке толмағандарға қарсы жасалатын оқыс оқиғаларды болдырмау.

Айта кету керек, мобильді топ құрамында БАҚ өкілдері, қоғам белсенділері, қалалық прокуратура, қалалық қоғамдық даму, білім, кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімдері, ювеналды полиция қызметкерлері мен жастар орталығы мамандары бар.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

72 АТА-АНА ӘКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛДЫ

Қызылорда қаласы әкімдігі мен қалалық прокуратура ұйымдастыруымен құрылған мобильді топтың түнгі рейдтік іс-шаралары тұрақты түрде жүргізілуде.

Жасөспірімдерді беймезгіл уақытта жүруіне қарсы ұйымдастырылған рейд барысында 79 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Оның ішінде, көмелетке толмағандардың түнгі уақытта жүргені үшін 71 ата-анаға қатысты (ӘҚБТК-нің 442) әкімшілік шара көрілді және ата-ананың міндеттерін орындамаған үшін 1 жасөспірімнің ата-анасына қатысты (ӘҚБТК-нің 127) әкімшілік шара көрілді. Сонымен қатар, 1 ойын сауық мекеме иелеріне қатысты көмелетке толмағандардың болуына жол бергені үшін (ӘҚБТК-132) шара көрілді.

Бұл бағыттағы жұмыстар күнделікті жүргізіледі. Негізгі мақсат - жастар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыстың, топтық төбелестердің алдын алу және көмелетке толмағандарға қарсы жасалатын оқыс оқиғаларды болдырмау.

Айта кету керек, мобильді топ құрамында БАҚ өкілдері, қоғам белсенділері, қалалық прокуратура, қалалық қоғамдық даму, білім, кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімдері, ювеналды полиция қызметкерлері мен жастар орталығы мамандары бар.



БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қала әкімінің төрағалығымен білім саласындағы өзекті мәселелер талқыланды. Оған қала әкімінің салаға жауапты орынбасарлары, құқық қорғау, қузырлы органдардың басшылары, қалалық білім бөлімінің толық құрамы мен мектеп директорлары қатысты.

Жыл өткен сайын білім саласына мемлекет қазынасынан қыруар қаражат бөлінуде. Ұстаздардың жалақысы өсіп, білім беру ұйымдары қажетті жабдықтармен жарақтандырылуда. Облыс әкімінің қолдауымен қала көлемінде үш ауысымды мектептер жойылып, санға емес, сапаға мән берілуде. Оқушылардың білімі мен тәрбиесі және мұғалімдердің мәртебесін көтеруге бағытталған талапты жұмыстар жүргізілуде. Жоспарға сәйкес, күнделікті рейдтер ұйымдастырылып, қадағалау жұмыстары күшейтілді. Дегенмен, мектеп оқушылары арасында топтық төбелес, суға кету, сонымен қатар ұстаздардың қатысуымен келенсіз оқиғалар орын алууда. Бұл білім саласын кері тартқан жағдайлар екені белгілі. Атап айтқанда, ұстаздар арасында адам өлімінің, азғындатушылық әрекет пен заңсыз есірткі айналымына қатысты деген күдіктің туындауы мұғалім мәртебесіне елеулі нұқсан келтірді. Осы жағдайларды болдырмау бағытында қалалық білім бөлімінің басшысы Жанат Сәдуақасова атқарылып жатқан жұмыстардың барысын баяндады.

Қала әкімі Серік Салауатулы білім саласындағы жұмысты босансытуға болмайтынын, жаз мезгілінде жасөспірімдердің қауіпсіздігін арттырып, мектеп оқушылары мен педагогтар арасында профилактикалық шараларды күшейтуді тапсырды. Ал, жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық, топтық төбелестер, қылмыс жасау фактілерінің орнуы бойынша қалалық полиция басқармасының басшысы Айдар Қасанов мәлімдеді. Шаһар басшысы әлі де қоғамдық тәртіпті

күшейту қажеттігін алға тартып, қылмыстың ашылуына емес, оны болдырмауға, барлық патрульдік, учаскелік, ювеналды полиция инспекторларын қаланың аулалары мен шет аймақтарында адресі жұмыс жүргізуі керек делі.

Қазір қала көлемінде суға шомылуда тыйым салынған 21 учаске бар. Олардың бәрінде ескерту тақтайшалары қойылған. Десе де, оны балалар елемей, шомылып келеді. Соның зардабынан 2 жеткіншек жақында суға кетті. Осы жағдайларды ескерткен шаһар басшысы қалалық төтенше жағдайлар басқармасы бастығының міндетін атқарушы Ернұр Райымбековтен су айдындарындағы кезекшілік жағдайын сұрады.

Бұған қала әкімі Серік Салауатулы басқарма тарапынан әлі де болса халық арасында насихаттық жұмыстарды кенінен жүргізе отырып, мүдделі органдармен бірге кезекшілік күшейтуді міндеттеді. Өз кезегінде қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаяв: «Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар арасындағы құқық бұзушылықты болдырмау, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Қазір оқушылар демалысқа шықты. Бұл жерде ата-аналардың жауапкершілігін арттыру қажет. Өз ортасынан оқшау қалған балалармен жеке жұмыс жүргізіп, оқыс оқиғаларды тыюға болады», - деді.

Қала әкімі Серік Қожаниязов мәжілістің маңызын тарқата келе, жауапты қызметкерлерге келенсіз жағдайлар жер-жерде белең алмауы үшін күшейтілген рейд жұмыстарын ұйымдастыруды, белгіленбеген орындарға суға түспеу бағытында жұмысты үйлестіруді жүктеді.

ҚАЛАНЫ ЫСТЫҚ СУМЕН ҚАМТУ ЕКІ КЕЗЕҢ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Ыстық су мәселесі – Қызылорда облысы тұрғындары үшін ең өзекті мәселелердің бірі еді. Биылдан бастап бұл мәселе оңтайландырылып, тұрғындар ыстық сумен қамтыла бастайды. Нақтырақ айтқанда, тұрғындарды ыстық сумен қамту екі кезең арқылы жүргізіледі. Тиісінше биыл 187 үй, ал 2025 жылы 237 тұрғын үй ыстық су жүйесіне қосылады.

Бұл жұмыстарды жүзеге асыру үшін демеушілік есебінен 32 жоба әзірленді. Бұл жөнінде Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Медет Усаин хабарлады.

Мемлекет басшысы өткен жылы өңірімізге жасаған жұмыс сапары барысында Қызылорда халқы ыстық сумен қамту мәселесін дер кезінде шешуді тапсырған болатын. Осыған орай, облыс әкімінің тапсырмасы негізінде тиісті жұмыстар қолға алынды. Бүгінге дейін Қызылорда қаласындағы тұрғын үйлер электр сұжылытқыш немесе газбен жылытатын құрылғылар арқылы ыстық сумен қамтамасыз етілген еді. Өздеріңіз білесіздер, бүгінде әр үйде кем дегенде 50 литрлік арестон бар. Ол құрылғы суды ысыту үшін 3 киловатт электр энергиясын қажет етеді. Оған кететін шығындар 1 700 тенге



мен 2 000 тенгенің аралығын құрайды. Біз осы орайда арестон пайдаланатын үй мен ыстық су жүйесіне қосылған үйді салыстырдық. Нәтижесінде, ыстық сумен қамтылған үйдің шығыны 5 есеге арзан болатынын анықтадық. Жалпы, бүгінде қалада орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған 804 тұрғын үй бар. Осы тұрғын үйлерді ыстық сумен қамту үшін биылдан бастап құрылыс монтаждау жұмыстары басталуда. Мәселен, бүгінде 17 жоба бойынша 186 көпқабатты тұрғын үйді ыстық сумен жабдықтау үшін ҚР Үкіметінің резервінен тиісті қаржы бөлінді. Осы жоба бойынша биыл қаламыздағы Шұғыла, Сырдария, Сол жағалау, Тәуелсіздік, Бейбарыс көшелеріндегі көпқабатты тұрғын үйлерге ыстық су жүйесі жүргізіледі, - деді Медет Усаин.

Өздеріңіз білетіндей, Қызылорда қаласындағы ең өзекті мәселелердің бірі – тұрғындарды ыстық сумен қамтамасыз ету. Осы мақсатты облыс әкімінің арнайы тапсырмасы негізінде

бірнеше жобалар қарастырылып, ыстық су желілерін орнату жұмыстары басталды. Қазіргі таңда қаладағы 174 үйді ыстық суға қосуға мүмкіндік бар, ал 424 үй қаржыландыруды қажет етеді. Осы қаржыландыру талап ететін тұрғын үйлерді ыстық суға қосу үшін демеушілік есебінен 32 жоба әзірленді. Бүгінде қала әкімдігі тарапынан арнайы жұмыс тобы құрылып, қала тұрғындарына түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Көпқабатты тұрғын үйлерде тұратын тұрғындарға айтарымыз, дер кезінде ыстық су желілерін орнатуға өз рұқсаттарын беруге шақырамыз. Бұл өз кезегінде жұмысты дер кезінде орындауға және уақыт үнемдеуге ықпал етеді, - деді Қызылорда қаласы әкімінің міндетін атқарушы Ғалымжан Еркебай.

Ыстық су желілерін жүргізу тұрғындар үшін өте тиімді болмақ. Себебі арестон құрылғысы ұзаққа жарамды құрылғы емес. Сонымен қатар, электр энергиясы мен қаржы үнемділігін реттейді. Бұдан бөлек, ыстық су желілерін

жүргізу арқылы көпқабатты тұрғын үйлердегі су қысымы жоғарылайды. Осы арқылы ауыз су мәселесі оңтайлы шешілмек, - деді «Қызылорда су жүйесі» МКК директоры Бауыржан Әбдіқапарұлы.

Қаладағы көпқабатты тұрғын үйлерге ыстық су желілерін жүргізу электр энергиясы мен электр қондығыларын үнемдеуге және сенімді жұмыс жасауға септігін тигізбек. Мәселен, қала бойынша электр энергиясын тұтыну көлемі – 84 МВт болса, ыстық желісі орнатылғаннан кейін 14 МВт-қа дейін жүктеме азаяды, - деді Қызылорда электр тарауы тораптары АҚ басқарма төрағасының орынбасары Шалқар Рахышев.

Жылу маусымында барлығына ыстық су беріле ме деген сұрақ жиі қойылады. Осы орайда тұрғындарды қысы-жазы ыстық сумен қамтамасыз етілетінін жеткізгім келеді, - деді «Қызылорда жылу электр орталығы» МКК-нің директорының орынбасары Хасанғали Иманғалиев.

СУҒА ТҮСУ МАУСЫМЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Су айдындарындағы қарапайым ережелерді сақтамау салдары, яғни тыйым салынған орындарға суға түсу, балалардың үлкендердің қарауынсыз жағажай аумағында жүруі, масаң күйде суға түсу әртүрлі қайғы-оқиғаларға әкеп соқтырады. Бұл туралы қалалық Төтенше жағдайлар басқармасы бастығының орынбасары Ғабит Бабаев айтты.

Су айдындарында қайғы-оқиғалардың алдын алу мақсатында қала әкімдігі жанынан құрылған жұмысшы топ пен басқарма қызметкерлері бірлесіп, суға шомылуда тыйым салынған 18 қауіпті аймақта күнделікті рейдтік іс-шаралар жүргізуде. Аталған қауіпті аймақтарда «Шомылуда тыйым салынады!» тақырыбындағы 20 дана ескертпе тақтайшалары



жаңартылып, 115 тақтайша қайта орнатылды, - деді Ғабит Бабаев.

Суға түсу маусымы басталғаннан бері су айдындарында 35 рейд өткізіліп, қала тұрғындарына суға қауіпсіздік ережелері түсіндірілген. Сондай-ақ, қала аумағында орналасқан колледж студенттеріне, мектеп

оқушыларына, сондай-ақ ата-аналарға «Су айдындарындағы қауіпсіздік» бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Бұдан бөлек, республикалық «Kundelik.kz» платформасында төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздік ережелерін ескертетін ақпараттық жаднама орналастырылды.

ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Қала әкімінің аппарат басшысы Мұрат Тасқараявтың төрағалық етуімен қала әкімдігі жанындағы экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша жұмыс тобының кезекті отырысы өткізілді.

Күн тәртібінде рұқсат етілмеген орындардағы діни әдебиеттерді тарату фактілері, экстремизм мен терроризмнің алдын алу бағытындағы жүргізіліп жатқан жұмыстар мен алдағы атқарылатын шаралар талқыланды.

МЕМЛЕКЕТ ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУДА

Жастар – ел тұтқасын ұстайтын, ұлт пен мемлекеттің ертеңіне жауапты, жарқын болашақ құрудағы маңызды рөл атқаратын топ. Қазақстанда 6 миллионға жуық жас бар. Бұл санатты 14 пен 35 жас аралығындағы азаматтар құрайды. Ал заңнамадағы өзгеріске дейін бұл құрамға 14 пен 29 жас аралығындағылар жататын. Жас құрамы өзгерді, бұл дегеніміз жастарға берілетін мүмкіндіктердің де көбейгенін көрсетеді.

Жастар мәселесі мен жастарға арналған мүмкіндіктерді талқылау мақсатында «Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының» Қызылорда облыстық филиалы кездесу ұйымдастырды. Бүгін сол жағалауда орналасқан жастар орталығында өткен іс-шараға мектеп оқушылары, студенттер мен сала мамандары қатысты. Жыны барысында «Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының» Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Нұрбек Дәуренбеков кездесудің мақсаты мен міндетіне тоқталды. Келесі сөз кезегі Қызылорда облысының «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Талғат Тілеске берілді. Спикер «Жастар ресурстық орталығының»



жетістігі, облыс жастарына берер мүмкіндіктері мен нәтижелеріне тоқталды.

Жастар саясатын жүзеге асыру әрбір мемлекеттің өз болашағына жасаған инвестициясы. Қызылорда өңірінде 244 мыңнан астам жас бар. Ал республикадағы жастар саны 6 миллионға жуықтады. Бүгінгі таңда жастарға байланысты түрлі мәселелер қозғалау. Соның ішінде өзекті және өзгермейтін 2 мәселе бар. Біріншісі – жұмыссыздық, екіншісі – тұрғын үй мәселесі.

Жалпы ресурстық

орталықтар барлық өңірде жұмыс істейді. Бірақ ғимараты бар әрі арнайы жабдықталған орталықтар санаулы аймақта бар. Сондықтан біз және жастар осы мүмкіндікті жақсы әрі оңтайлы пайдалануымыз қажет. Облыстық жастар орталығының өткен жылы атқарған ауқымды жұмысы ретінде «Сыр жастары» бағдарламасын айта аламын. Бұл аймақ басшысына «Сыр жастары» тұрғын үй бағдарламасын енгізуді ұсындық. Бүгінде жас отбасылар арасында үй мәселе өзекті. Сол себепті

бағдарлама әзірлеп, облыстық жастар орталығының ғимаратында құжаттар қабылдауды бастадық. «Сыр жастары» аясында жуырда ғана 60 отбасы пәтерге ие болды. Бұл біз үшін үлкен жеңіс. Келесі мәселе жас кәсіпкерлердің санын көбейту. Сіз студент болсаңыз да, сізде кәсіп бастауға толық мүмкіндік бар. Яғни жастарға дұрыс бағыт-бағдар беру жұмыстарын қолға алдық, - деді Қызылорда облысының «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Талғат Тілес.

Айта кетейік, өңірдегі жұмыссыз жастарды ақпараттандыру мақсатында облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, Еңбек мобильділігі мен мансап орталықтары тұрақты түрде бос жұмыс орындарының жәрменкесін ұйымдастырады. Биыл төрт айдың ішінде 16 рет бос жұмыс орындар жәрменкесі өткізілген. Онда 211 жұмыс берушіден 952 бос жұмыс орны ұсынылып, жәрменкеге қатысқан 1002 жұмыссыздың ішінде 316 адам тұрақты, 29 адам уақытша жұмысқа орналастырылды. Жәрменке арқылы жұмыспен қамтылғандардың 78,7 пайызы жұмыссыз жастардың үлесінде. Бұған қоса, 2023 жылдың тамыз айынан бастап tanda.enbek.kz платформасында бос жұмыс орындарының онлайн жәрменкесі ұйымдастырылған. Сонымен қатар кездесуде Айнур Досжанова қатысушылар арасында практикалық ойындар жүргізіп, жиынды қорытындылады.

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ҒАЛЫМДАР ҚАУЫННЫҢ ЖАҢА СОРТТАРЫН ШЫҒАРАДЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ғалымдары Ташкент қаласында өткен «Көкөніс бақша дақылдары мен картопты іріктеу, тұқым шаруашылығында және өнім өндіруде ресурстарды үнемдейтін және қарқынды технологияларды қолданудың ғылыми негіздері мен перспективалары» атты Халықаралық ғылыми-конференциясына қатысып, университет пен «Өзбек көкөніс, бақша және картоп шаруашылығы» ғылыми зерттеу институтымен екіжақты меморандум аясында жасалып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Конференция барысында университеттің Ботаникалық бағы мен жылыжай менгерушісі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Самалбек Қосанов баяндама жасап, ғалымдар Қазақстанның қауын шаруашылығында дамыту мақсатында Әмудария мен Сырдария өзендерінің аралығындағы өсірілетін қауын сорттарының құрамына талдау жасағанын атап өтті.

Сондай-ақ осы саладағы проблемалар мен климаттық өзгерістер, қауынды қайта өңдеу барысында сорттық ерекшеліктеріне мән беру, ғалымдар мен дикандар арасындағы байланысты күшейту жөніндегі ойларын ортаға салып, ұсыныстарды жеткізді.

Қызылордалық ғалымдар өздері дайындаған бес түрлі қауын сортын сынақтан өткізуге өзбек ғалымдарына беріп, олардың ерте, орташа, кеш пісетін қауын сорттарын Қызылорда облысында тәжірибеден өткізбек. Мұнан бөлек, Сыр ғалымы үлкен ғылыми ізденістен соң бәсекеге қабілетті, тасымалдауға төзімді, сақтауға жарамды және тәтті қауынның жаңа сорттарын шығаратынын айтты.

Қазақстандық ғалымдардың ғылыми жұмыстарын «Өзбек көкөніс, бақша және картоп шаруашылығы» ғылыми зерттеу институтының бас директоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Рустам Низомов жоғары бағалап, ұсыныстарын қабылдады.

Тамыз айында Өзбекстандық ғалымдар Қызылорда облысына келіп, қауын шаруашылығымен танысады деп күтілуде.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімінің 2024 жылғы I-жартыжылдық бойынша қалаға қарасты кент, ауылдық округ және қала тұрғындарымен кездесулерінде көтерілген мәселелер бойынша ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

р/с	Іс-шара мазмұны	Орындалу мерзімі	Жауапты
Қызылорда қаласы			
1	Жаппасбай батыр №72 «Е» көпқабатты тұрғын үй тұрғындары тарапынан арендалық үйге төлейтін төлемдерін мерзімінде төлеу салдарынан орын алған өсімпулын (пеня) ҚР заң талаптарына сәйкес қайта қарау	2024 жылғы маусым айы	Ғ.Еркебай А.Рысбек М.Әбсұлтанов
2	Жаппасбай батыр №72 «Е» көпқабатты тұрғын үйдің ауласындағы автокөлік жолын кеңейту мәселесін қарастыру	2024 жылғы маусым айы	Ғ.Еркебай М.Әбсұлтанов
3	Жаппасбай батыр №72 «Е» көпқабатты тұрғын үйдің жанындағы көріз су құдығын тазарту	2024 жылғы маусым айы	Ғ.Еркебай Б.Әбдіғаппарұлы
4	Көпқабатты тұрғын үйлердің жанындағы «Ақжайлау» кәсіпкерлік нысаны орналасқан аумақтың ҚР заң талаптарына сәйкестігі жөнінде зерделеу жұмыстарын жүргізу	2024 жылғы маусым айы	А.Кентуғаев м.а. М.Жетілгенов П.Шамұратов
5	Шұғыла мөлтек ауданы №24 «Б» көпқабатты тұрғын үй шатырының су ағарын қалпына келтіру	2024 жылғы маусым айы	Ғ.Еркебай А.Рысбек Т.Құлмағанбетов
6	Шұғыла мөлтек ауданы №24 «Б» көпқабатты тұрғын үйді қайта жаңғырту (модернизация) жұмыстарын бастау	2024 жылғы маусым айы	Ғ.Еркебай М.Әбсұлтанов Т.Құлмағанбетов
7	Шұғыла мөлтек ауданындағы көпқабатты тұрғын үйлер маңындағы көріз су құдықтарын тазартып, құдық қақпақтарына құлып орнату мәселесін қарастыру	2024 жылғы маусым айы	Ғ.Еркебай Б.Әбдіғаппарұлы
8	Шұғыла мөлтек ауданы №31 көпқабатты тұрғын үй тұрғындарымен бірлесіп, шатырына жөндеу жұмыстарын бастау	2024 жылғы шілде айы	Ғ.Еркебай М.Әбсұлтанов А.Рысбек Т.Құлмағанбетов
9	Шұғыла мөлтек ауданы №44 үйдің (№5а пәтер) 1-ші қабатындағы үйшілік электр желісінің шакафын (щит) пәтер есігіне жақын орналасқандықтан өжіреге ауыстыру	2024 жылғы маусым айы	Ғ.Еркебай М.Әбсұлтанов Е.Есенбаев (к.б.)
10	Шұғыла мөлтек ауданы №42, 43 көпқабатты тұрғын үйлердің 1-ші қабатында орналасқан кәсіпкерлік нысандарға қоқыстарын бей-берекет сыртқа шығармау туралы ескертпе беру	2024 жылғы маусым айы	А. Кентуғаев м.а. М.Жетілгенов
11	Шұғыла мөлтек ауданы №39 көпқабатты тұрғын үйдің өжіресіндегі көріз суды тарту	2024 жылғы маусым айы	Ғ.Еркебай А.Рысбек Т.Құлмағанбетов
12	Шұғыла мөлтек ауданы №41 және №45 көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларындағы балалар ойын алаңын ретке келтіру	2024 жылғы шілде айы	Ғ.Еркебай М. Әбсұлтанов
13	Астана-4 шағын ауданындағы көпқабатты тұрғын үйлердің айналасындағы көріз және ауыз су құдықтарының қақпақтарын орнату	2024 жылғы маусым айы	Ғ.Еркебай Ж.Файзуллаев
14	Астана-4 шағын ауданындағы №4 көпқабатты тұрғын үйдің артындағы сайға ағып жатқан суды тоқтатып, қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу	2024 жылғы маусым айы	Ғ.Еркебай М.Әбсұлтанов
15	Астана-4 шағын ауданындағы көпқабатты тұрғын үйлердің ауыз су қысымын қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу	2024 жылғы маусым айы	Ғ.Еркебай М.Әбсұлтанов
Тасбөгет кенті			
16	Кентке қатынайтын №8 бағыттағы қоғамдық көлігінің уақытылы жүруін ретке келтіру	2024 жылғы маусым айы	Ғ.Еркебай М. Әбсұлтанов М. Жүсіп (к.б.) А.Тныштықбай
17	Қоғамдық көліктер қатынайтын көшелерге жөндеу жұмыстарын жүргізу	2024-2025 жылдары қаржының бөлінуіне қарай	Ғ.Еркебай Д.Тұрсынбаев М. Әбсұлтанов А.Тныштықбай Г.Баймаханова
18	Кентке кіре-берісте оң жақ магистральды каналының жанындағы 150 метр ашық жерге абаттандыру жұмыстарын жүргізу	2024 жылғы қыркүйек айы	Ғ.Еркебай Д.Тұрсынбаев М. Әбсұлтанов А.Тныштықбай Г.Баймаханова
19	Кенттегі Наурыз шағын ауданы №8, 10, 13 көпқабатты тұрғын үйлерінің шатырын қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу мәселесін қарастыру	2024 жылғы қыркүйек айы	Ғ.Еркебай Д.Тұрсынбаев М.Әбсұлтанов А.Тныштықбай Г.Баймаханова
20	Кенттегі М.Шоқай, Есенов көшелеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу мәселесін қарастыру	2024 жылғы қыркүйек айы	Ғ.Еркебай Д.Тұрсынбаев М. Әбсұлтанов А.Тныштықбай Г.Баймаханова
21	Наурыз шағын ауданы №8 көпқабатты тұрғын үйдің өжіресін тазалау	2024 жылғы шілде айы	Ғ.Еркебай А.Рысбек М. Әбсұлтанов А.Тныштықбай
Белкөл кенті			
22	№189 мектептің шатырына жөндеу жұмыстарын жүргізу мәселесін қарастыру	2024 жылғы тамыз айы	Д.Тұрсынбаев Ж.Сәдуақасова (к.б.) Ж.Сәду
23	Кент ардагерлеріне арналған кабинет ашу	2024 жылғы маусым айы	М.Тасқараев Ж.Сәду
24	Бірқазан елді мекені аумағынан жеке тұрғын үй мақсатында заңға сәйкес жер учаскесін беру	2024 жылғы шілде айы	А.Кентуғаев Ж.Сәду П. Шамұратов
25	Кенттегі Байқадам каналының жанында орналасқан ғимаратқа тазалау жұмыстарын жүргізу	2024 жылғы маусым айы	Ғ.Еркебай Ж.Сәду
26	Кенттегі пер.Путейцева №20 мекен-жайында орналасқан тұрғын үйдің үстімен су ұңғымасына (скважина) жүргізілген электр желісіне (десятка) тексеру жұмыстарын жүргізіп, заңға сәйкес ретке келтіру	2024 жылғы шілде айы	Ғ.Еркебай Ж.Сәду Е.Каленов (к.б.)
27	Кентке мәдениет үйін салу мәселесін қарастыру	2024 жылғы желтоқсан айы	Ғ.Еркебай Ж.Файзуллаев Ж.Сәду
Ақжарма ауылдық округі			
28	Ауылдық округтің шет аумағында орналасқан тұрғын үйге келетін электр бағаналарын орнату	2024 жылғы тамыз айы	Ғ.Еркебай Е.Каленов (к.б.) С.Әбдіреев
29	Ауылдық округті аяқ сумен қамтамасыз ету	2024 жылғы шілде айы	Ғ.Еркебай С.Әбдіреев
30	Талдыарал елді мекеніне электр желілерін жүргізу мәселесін пысықтау	2024 жылғы қыркүйек айы	Ғ.Еркебай Д.Тұрсынбаев Ж.Файзуллаев С.Әбдіреев Г.Баймаханова
Ақсуат ауылдық округі			
31	Ауылдық округтегі Д.Мамбетов көшесі тұрғын үйлерінің ауыз су қысымын жоғарылату	2024 жылғы маусым айы	Ғ.Еркебай Н. Шамұратов (к.б.) Н.Бакытов
Қызылжарма ауылдық округі			
32	С.Әлжіков атындағы №144 орта мектеп орналасқан көшемен ауыр жүк көліктерін жүргізуді шектеу	2024 жылғы шілде айы	Ғ.Еркебай М.Әбсұлтанов А.Қасанов (к.б.) Ш.Әбдірахманов
33	Ауылдық округ көшелеріне мейлінше су себуді ұйымдастыру	2024 жылғы маусым айы	Ғ.Еркебай М.Әбсұлтанов Ш.Әбдірахманов
34	Ауылдық округтің шет аумағындағы көшелерге жаңадан электр бағаналарын орнату жұмыстарына жоба-сметалық құжаттамасын әзірлеу мәселесін қарастыру	2024 жылғы тамыз айы	Ғ.Еркебай Ж.Файзуллаев Ш.Әбдірахманов
35	Ауылдық округтегі №144 орта мектеп жанындағы құрылысы бітпеген ойын алаңын толық аяқтау	2024 жылғы шілде айы	Ғ.Еркебай Ш.Әбдірахманов
36	Ауылдық округтегі «Қылышбай» бейітінің қоршауларын ретке келтіру	2024 жылғы шілде айы	Ғ.Еркебай Ж.Файзуллаев Ш.Әбдірахманов
37	ҚР Ұлттық ұланның 5547 әскери бөлімі ғимаратының қасбетін әрлеу, аумағына брусчатка мен бордюр төсеу, әскери бөлімдегі казармалық үй-жайларға қажетті кондиционер құрылысымен қамтамасыз ету мәселесін қарастыру	2024 жылғы маусым-қазан айлары	Ғ.Еркебай Ж.Файзуллаев М.Әбсұлтанов Ш.Әбдірахманов
Қосшыңырау ауылдық округі			
38	Ауылдық округтегі №138 мектепке жөндеу жұмыстарын жүргізу мәселесін қарастыру	2024 жылғы тамыз айы	Д.Тұрсынбаев Ж.Сәдуақасова (к.б.) С.Әбдіқадыров
39	Досан ауылындағы Д.Елеусінов көшесінің бойында орналасқан трансформаторды талапқа сәйкес реттеп, қоршау	2024 жылғы шілде айы	Ғ.Еркебай Е.Каленов (к.б.) С.Әбдіқадыров
40	Досан ауылындағы №2,7,12 көшелерге тас төсеу жұмыстарын жүргізуді қарастыру	2024 жылғы қазан айы	Ғ.Еркебай Д.Тұрсынбаев Ж.Файзуллаев С.Әбдіқадыров Г.Баймаханова
Қарауылтөбе ауылдық округі			
41	Қарауылтөбе ауылдық округіне жаңадан дәрігерлік амбулатория салуға жоба-сметалық құжатын әзірлеу	2024 жылғы шілде айы	Ғ.Еркебай Д.Тұрсынбаев Е.Ахетов Г.Баймаханова
42	Ауылдық округтегі А.Хангельдин атындағы №179 орта мектеп ғимаратында орналасқан мектепке дейінгі шағын орталықтың жұмысын тоқтатпай, жалғастыру мәселесін қарастыру	2024 жылғы шілде айы	Д.Тұрсынбаев Ж.Сәдуақасова (к.б.) Е.Ахетов
43	Ауылдық округтегі А.Хангельдин атындағы №179 орта мектеп ғимаратының жылыту жүйесін дизель отынынан газ желісіне ауыстыру мәселесін қарастыру	2024 жылғы тамыз айы	Д.Тұрсынбаев Ж.Сәдуақасова (к.б.) Е.Ахетов
44	«Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС тарапынан ауылдық округ тұрғындарына егін оруды науқаны уақытында күріш өнімін арзандатылған бағада ұсыну мәселесін қарастыру	2024 жылғы қыркүйек айы	А.Кентуғаев П.Шамұратов Е.Ахетов
Қызылөзек ауылдық округі			
45	Ауылдық округті табиғи газбен қамтамасыз ету үшін жоба-сметалық құжаттамасын әзірлеу мәселесін қарастыру	2024 жылғы қыркүйек айы	Ғ.Еркебай Д.Тұрсынбаев Ж.Файзуллаев С.Әбдіжаппар Г.Баймаханова
46	Ауылдық округке кіре берісте орналасқан «Қожақ» көпіріне жөндеу жұмыстарын жүргізу мәселесін қарастыру (бірінші кезекте жоба-сметалық құжаттарын әзірлеу)	2024 жылғы желтоқсан айы	Ғ.Еркебай Д.Тұрсынбаев М.Әбсұлтанов С.Әбдіжаппар Г.Баймаханова
Талсуат ауылдық округі			
47	Ауылдық округтегі электр желілеріне кедергі келтіріп тұрған талдарды қыру жұмыстарын жүргізуге 1 (бір) дана техникамен (вышка) қамтамасыз ету	2024 жылғы маусым айы	Ғ.Еркебай М.Әбсұлтанов Е.Каленов (к.б.) Е.Бейсенбаев
48	Ауылдық округтегі ескі ауылдық клуб ғимаратының жарамдылығына арнайы комиссия мүшелерімен тексеру жұмыстарын жүргізу	2024 жылғы маусым айы	Ғ.Еркебай Б.Баймаханов м.а. Е.Райымбеков (к.б.) Ө.Шалбол Е.Бейсенбаев
49	Ауылдық округтегі №178 орта мектепті газ желісіне ауыстыру	2024 жылғы тамыз айы	Ғ.Еркебай Д.Тұрсынбаев Ж.Сәдуақасова (к.б.) Е.Бейсенбаев

«Жанақорған ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдау кестесі

№ р/с	Басшының аты-жөні	лауазымы	Қабылдайтын күндері	Уақыты
	Ахметов Орман Айтмағанбетұлы	Бөлім басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күндері	Сағ. 15-00-ден 17-00-ге дейін

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Әдеп Кодексінің (Қағидаларының) талаптарын жүзеге асыру мақсатында бөлімнің қызметкерлері тарапынан құқық және заң бұзушылық әрекеттері орын алған жағдайда, Жанақорған кенті М. Көкенов көшесі №44 - мекен-жайындағы ғимаратта орналасқан аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінде 22-3-24 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін хабарлайды.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ҚОҒАМ ТАЛАБЫ

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық ауқымдылығына ғана байланысты ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлықпен күрес – қоғам талабы.

Мінсіз қоғам – жемқорлықсыз қоғам, салауатты өмір – паракорларсыз өмір, мықты мемлекет – жемқорларсыз мемлекет. Еліміз елу елдің қатарына ену үшін аяқ басқанда айналамызды ашқоз алаяқтардан аластап, қоғамды тазарту – азаматтық міндетіміз. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өз құқығын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Сыбайлас жемқорлық тек құқық бұзушылық емес. Бұл мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді төмендетеді және ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатер төндіреді. Сондықтан мемлекет пен қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірігіп, әрекет етуі керек.

Б. РАКИМБЕКОВ,
Қоғалық ауылдық округі әкімі



ҚҰРБАН АЙТ – ЕҢ ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ

Исі мұсылман жұртының екі ұлық мерекесі болса, соның бірі – қасиетті Құрбан мейрамы. Асыл дінімізде бұл мерекенің шоктығы биік тұрады. Құрбан айт – мейірім мерекесі хәм ізет пен құрметтің көрінісі. Халқымыз ежелден «құрбан айт құтты болсын» деп ерекше мән беріп, елдік деңгейде мерекеленген. Құрбандықтың тарихы тым тереңде жатыр. Бұл өткен күнді еске салатын жай ғана тарих емес, сонымен бірге ұлы ғибадат болып саналады.

Күллі мұсылман қауымын бірлікке, ынтымаққа ұйыстыратын құрбан айт мейрамы ең әуелі мешіттерде айт намазын оқудан бастау алады. Құранда: «Рабың үшін намаз оқы, құрбан шал», – деп бұйырады («Кәусар» сүресі, 2-аят). Осы күнді ең алғаш орындайтын амалымыз – көшілікпен айт намазын оқу, мұнан соң құрбандық малымызды шын ықыласпен шалу арқылы жалғасады. Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Біздің бұл күнде алғашқы атқаратын ісіміз – намаз оқу, сосын қайтып келіп, құрбандық шалу. Кімде-кім осылай етсе, біздің сүннетімізге ергені» – деп айт намазын орындаумен ғана құрбандық шалу басталарын жеткізген. Таң азанмен Аллаға мінажат еткен мұсылман қауым, бір-біріне құшағын ашып, ыстық ықыласын көрсетіп, айт мерекесімен құттықтасады. Бір-бірін кешірісіп, шын бауырмалдығын танытады. Жағдайы жеткен, Алланың разылығын ұмыт еткен жандар құрбандығын шалып жок-жіткізе, мұқтаж жандарға қарайласып, жәрдем қолын созады.

Шариғаттағы үкіміне келсек, көнеден келе жатқан ханафи мәзһабы бойынша Құрбан айтта шамасы жеткен адамға құрбан шалу – уәжіп (міндет) амал. Бұл жөнінде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім мүмкіншілігі бола тұра құрбан шалмаса, біздің намаз оқитын жерімізге жақындамасын!» деп қатаң бұйырған. Аталған хадис шамасы жеткен әрбір мұсылманға сараңдық жасамай, ешқандай сылтау етпестен, айт күндері құрбан шалудың міндетті амал екенін ескертуде.

«Құрбан» сөзі араб тілінде – «жақындау» деген мағынаны білдіреді. Шариғи мағынасына келсек, Алла Тағаланың разылығына жақындау ниетімен Құрбан айт күндерінде шалынатын арнайы малдың аты. Құрбан шалудың артықшылығы мен сауапты іс екендігі жөнінде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Адам баласы Құрбан айт күнінде (құрбан шалып) қан ағыздану да сүйікті басқа іспен Алла Тағалаға жақындаған емес. Қаны ағызылған мал киямат күні мүйіздері, тұяқтары және жүндерімен келеді. Ағызылған қан жерге тамбай жатып, Алла Тағаланың құзырында үлкен мақамға жетеді. Сондықтан құрбандардың көңіл ризашылығымен шалындар» деп айтқан. Құрбан шалу – айт күндеріндегі Аллаға жақындататын сүйікті амал.

Құрбандық шалу – сонау Ибраһим (ғ.с.) пайғамбардан жалғасып келе жатқан ұлы ғибадат. Ибраһим (ғ.с.) пайғамбар Алла Тағалаға берген сертінде тұрып, бауыр еті баласы Исмаилды (ғ.с.) жаратқанның жолында пида ете алатындығын білдірген сәті. Алладан келген сынақты көтере білген Ибраһим (ғ.с.) пайғамбар сыннан да сүрінбей өте білді. Құрбандық шалу ғибадаты сол бір ғибадаты оқиғаның жарқын көрінісіне бірден-бір дәлел. Сүйікті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде Алла разылығы үшін шалынған құрбандықтың әрбір қылында сауап бар екенін және бұл амал Ибраһим (ғ.с.) пайғамбардан қалған сүннет амал екенін жеткізген. Сахабалар Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Иә, Алланың Елшісі, құрбандық деген не?» деп сұрайды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Құрбандық – сендердің Ибраһим (ғ.с.) бабаларының сүннеті», – деді. «Одан бізге қандай сауап бар?» деп сұрағанда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сойылған мал жүнінің әрбір тал қылы үшін сауап аласындар» деп жауап берген екен. Құрбандық – сауабы мол құлшылық.

Құрбан шалу кімге міндет? Мұны да білген жөн. Құрбан шалу міндет (уәжіп) болу үшін мынадай шарттар болу керек: Мұсылман болу, Құрбан айт уақытында жолаушы болмау, негізгі қажеттерден тыс нисап мөлшеріндегі қаржыға ие болу. Нисап мөлшері – 85 грамм алтын яки құнына тең келетін ақша. Зекет ғибадаты сияқты құрбанның уәжіп болуы үшін

нисап мөлшеріне жеткен малға бір жыл толу шарт емес. Құрбан шалған уақытта міндетті түрде ниет ету керек. Өйткені, малды ғибадат үшін соятын сияқты, тек қана етін пайдалану үшін де союға болады. Нисап мөлшерінде артық қаражаты болмаса да, кейде мұсылман кісінің құрбан шалуына болады. Шалған құрбандығы нәпіл құрбан үкімінде болады.

Құрбан шалудың өзіне тән уақыты бар. Құрбан шалудың уақыты құрбан айттың бірінші күні айт намазынан кейін басталып, айттың үшінші күні ақшамға аз уақыт қалғанға дейін жалғасады. Қандай да бір маңызды шариғи себепке байланысты Құрбан айт намазына бара алмай, айт намазын оқымаған кісі намаз оқып болатындай уақыт өткеннен кейін құрбанын шала беруіне болады. Айт намаздан бұрын шалынған мал құрбандыққа есептелмейді.

Құрбандыққа кез келген мал сойыла бермейді. Шариғат бойынша қой, ешкі, сиыр және түйе малдарын ғана құрбандыққа шалуға болады. Құрбан ретінде шалынатын қой және ешкі кем дегенде бір жасар, сиыр екі жасар, түйе бес жасар болуы керек. Алты-жеті айлық келе қозы бір жасар қой сияқты семіз, етті болса, құрбандыққа шалуға жарайды. Қой мен ешкінің еркегін, сиырдың ұрғашысын шалу абзал. Елік, арқар сияқты аңдар мен тауық, қораз, қаз, үйрек сияқты құстар құрбан ретінде сойыламайды.

Бірнеше адам ортақтасып бір малды құрбандыққа шалуға бола ма? Бұл – ел көкейінде жүрген сұрақтың бірі. Біріншіден біз мынаны білгеніміз жөн. Қой немесе ешкіні тек бір адам құрбан ретінде шала алады. Ал сиыр немесе түйені яғни, ірі қара малды бір кісінің жалғыз өзі үшін шалуына немесе жеті кісі бірігіп ортақ шалуларына болады. Құрбанды ортақтасып шалған уақытта әрбір адам құрбан шалу ниетімен ғана ортақтасуы керек. Құрбан шалуда, оның қабыл болуында ниет өте маңызды. Бір кісі құрбан үшін, ал екінші бір кісі тек қана етін алу ниетімен ортақтасса, шалынған мал барлық ортақтар үшін құрбандық болып есептелмейді. Сондықтан бұған аса мән беруіміз керек. Не нәрсенің де жарамды-жарамсыз болады. Сол секілді құрбандық малына кез келген мал бола беруді деген ұғым жоқ. Үйге қадірлі қонақ келсе қаделі жолмен малдың ең жақсысын сойып, бар ықылас құрметімізді көрсетіп, ақ батасын алуға тырысып жатамыз. Ал енді құрбан айт мейрамы бұл Алланың разылығына жеткізетін ұлық ғибадат болғандықтан малдың шариғатқа сай жарамдылығына, ең жақсысына көбірек көңіл аударған дұрыс. Мынадай кемшілігі бар мал құрбандыққа жарамсыз болып саналады. Бір көзі соқыр, сойылатын жерге жете алмайтын дәржеде көтерем, құлағы немесе құйрығы тумадан жоқ, басым бөлігі кесілген, тістерінің көбі түсіп қалған, бір мүйізі немесе екеуі де түбінен сынған болса жарамсыз. Осы сынды жағдаят құрбан малының бойында болмау керек. Қаншалықты құрбан малының ең жақсысын, тәуірін тандасақ, соншалықты мол сауап пен Алланың разылығына кенеле түсеміз.

Құрбан шалған уақытта міндетті түрде арнайы ниет ету керек және Құрбан айт намазы оқылғаннан кейін барып шалынады. Құрбандықты ғибадат үшін соятын секілді, жай ғана етін күнделікті пайдалану үшін соятындар да болады. Сол үшін құрбандыққа ниетті дұрыстап, шын ықыласпен орындау қажет. Құран Кәрімде: «Олардың (шалынған малдың) еттері мен қандары Аллаға әсте ұласпайды. Бірақ Оған (Аллаға) сендердің тек тақуалықтарың ғана жетеді», («Хаж» сүресі, 37-аят) делінген, яғни, құрбандық шалудағы көзделген мақсат пен ниеттің маңыздылығын әуелі ақыл таразысына салған жөн болады.

Құрбан шалуға ниет еткен кісі құрбандығын мүмкіншілік болса, өзі шалғаны абзал және оның сауабы да

мол. Сахаба Әнас ибн Мәлік (р.ғ.): «Алла Елшісі (с.ғ.с.) құрбан шалуды өз қолымен орындайтын» деп айтқан. Құрбан ретінде шалынатын малды қинамау үшін, өткір пышақ қолдану керек. Малды сою үшін жерге жатқызғаннан кейін пышақты көз алдында жалақтатып, қайрау – ұнамсыз іс. Мұны мәкруһ амал дейді. Ал қинамай сою – сүннет амал.

Құрбан ретінде шалынатын мал құбылаға қарата жатқызылып «Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар ла илаһа иллаллаһу, Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар ла лиллаһил-хамд» деп, тәкбір айтып, «Бисмиллаһи, Аллаһу әкбар» деп бауыздалады. Тек құрбанның несінің ғана «Бисмиллаһи, Аллаһу әкбар» деуі жеткілікті емес. Құрбанды бауыздаған адам да «Бисмиллаһи, Аллаһу әкбар» дейді. Әлгінде айтқанымыздай, сойылатын мал құрбандық ниетімен бауыздалуы керек.

Көп сұралатын сауалдың бірі «Құрбандыққа шалынған малдың еті мен терісін сатуға бола ма?» деп келеді. Құрбан шалған кісі бай немесе қарапайым қүй кешсе де өзінің шалған құрбандығының етін жеуіне болады. Құрбандыққа шалынған малдың етін үш бөлікке бөліп тарату – ең жақсы амалдардан. Бір бөлігі – туған-туыс, көршілеріне бай болса да сыйға тартылады, екінші бөлігі – кедей және мұқтаж адамдарға, үшінші бөлігі – өзінің отбасына, бала-шағасына беріледі. Десе де шалынған малға мұқтажлығы болмаса, оны басы бүтін кедей-мұқтаждарға таратып беруге болады. Сол секілді құрбандық шалған кісінің тұрмысы төмен, бала-шағасы көп болса, түгелдей құрбан етіні өзінің отбасының қажетіне қалдыра алады.

Құрбандыққа шалынған малдың етін, басын, терісін, сирақтарын сату – ұнамсыз іс (мәкруһ). Аталған бөлшектері сатылған жағдайда құны кедейлерге садақа ретінде беріледі. Терісін кедейлерге, қайырмалдылық қорларына беруге болады. Құрбанға шалынған малдың ешқандай бөлшегінен қасаптың ақысы ретінде төлеуге болмайды.

Құрбандықтың сауабы мол құлшылық екеніне тоқталып өттік. Ал енді «айт» сөзіне келсек... Айт арабадан аударғанда, «мейрам» деген мағынаны білдіреді. Дініміздегі әрбір мейрам құлшылыққа негізделген. Асыл дінімізде екі айт мейрамы бар. Бірі рамазан айынан кейін келетін – Ораза айт мейрамы, екіншісі – қасиетті Құрбан айт мерекесі. Ардақты сахаба Әнас (р.ғ.) былай деп жеткізеді: «Алла Елшісі (с.ғ.с.) Мәдинаға келген кезінде, мәдиналықтардың тойлайтын екі күндері бар болатын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұл екі күнді не үшін атап өтетіндіктерін сұрады. Сонда олар: «Жәһилдік (исламнан бұрынғы) дәуірде біз бұл екі күнді көңіл көтеріп, атап өтетін едік» деп жауап берді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оларға қарап: «Алла ол екі күннің орнына сендер үшін әлдеқайда қайырлысын берді. Біріншісі – Құрбан айт, екіншісі – Рамазан айт» деп айтты.

Құрбан айт мерекесі де әрбір ісі мұсылманның отбасын шат-шадьман етіп, қоғамды қуанышқа жетелей түседі. Бұл күні мұсылман баласы ерте тұрып айт намазына дайындығын жасайды. Бой дәретін жанартады, жаңа да таза киімдерін киіп, жұпар исі себініп ең алдымен мешітке барады. Құрбан айт мерекесінің қадір-қасиеті жайында уағызын тыңдап, намазатпен айт намазын оқып, мұнан соң мұсылмандар бір-бірі мерекемен құттықтайды. Осыдан кейін шамасы жеткен кісілер шын ықылас-нәпілімен құрбандығын шалуға әрекет етеді.

Еліміз Құрбан айт мерекесіне ерекше ден қойып, аса құрметпен атап өтеді. Қазақ халқының шаңырағында жеті шөлпек пен бауырсақ пісіріліп, мерекелік дастарқан жайылады. Құрбан етінен ас әзірленіп, қонақтар бас қосады. Жиналған ағайындар өзара игі тілектерін айтып, үлкендер жағы ел-халыққа деген ақ баталарын жаудырады. Құрбан айт – бірлік пен берекеге үн қосқан ұлық мейрам. Келіп жеткен құрбан айт құтты болсын! Құрбандық қабыл, ниетіміз асыл болғай!

Дастан қажы ЖАНАСУҒЫ,
Қызылорда облысының бас имамы

ОНЛАЙН ҚҰРБАН ШАЛУҒА АРНАЛҒАН QURBAN2024.KZ САЙТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы құрбан шалу рәсімін қашықтан өткізуге арналған qurban2024.kz сайтын іске қосты.

Сайт қызметін тәралқа мәжілісінде ҚМДБ Цифрлық даму бөлімінің меңгерушісі Тимур Серікханұлы таныстырды.

Діни басқарманың мәліметінше, халыққа, әсіресе үлкен қалаларда тұратын жамағатқа онтайлы болу үшін осындай шешімге келген. Биыл да құрбан шалу офлайн және онлайн форматта жүзеге асады.

«Онлайн түрде құрбан шалам деушілер сайт арқылы құрбандық малын таңдап, Kaspi QR арқылы қажет қаражатты аудару алады.

Қой мен ешкіні жеке адам, ал ірі қара мен түйе малын 1 немесе 7 адам бірігіп шала болады. Тапсырысыңыз сәтті өтсе, ұялы телефоныңызға SMS хабарлама келеді. Құрбандық шалынған соң оның фото және бейне есебі тапсырыс беруші көрсеткен нөмірге жіберіледі», – делінген хабарламада.

Сайтта белгіленген баға бойынша Астанада бір қойдың құны – 75 мың теңге, ал алматылықтар 72 мың теңгеге бір қой сатып алып, онлайн құрбандық шала алады.

Діни басқарма іске қосқан сайтта құрбан шалуға тапсырыс беруге болады. Ет мұқтаж жандарға тарапатындықтан, адамдар құрбан етіне тапсырыс беріп, өтініш қалдыра алады.

МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРЛАРДЫ ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ

Қазіргі таңда мұнай өндірісі ұлғаюына байланысты магистральдық құбырлармен тасымалдау түрі дамып келеді. Мұның барлығы қолданыстағы құрылыстардың, соның ішінде резервуарлардың, резервуар парктерінің, мұнай және мұнайөнімдерінің тасымалдау жүйесінің қауіпсіз қолданылуы мен кепілділігі өзекті мәселе екендігін көрсетеді.

Халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаға зиян келтіруді болдырмау және магистральдық құбырды қауіпсіз пайдалану үшін жағдайлар жасау мақсатында төселім түрінде қарамастан оның трассасы бойында, сондай-ақ магистральдық құбыр объектілерінің төңірегінде магистральдық құбырдың қауіпсіздігі жөніндегі техникалық регламент талаптарына сәйкес жергілікті жерлерде арнайы белгілермен белгіленетін күзет аймақтары орнатылады.

Магистральдық құбырдың күзет аймағында өткелдерді, қаражолдарды және магистральдық құбыр трассасы мен оның күзет аймағын өзге де уақытша немесе тұрақты көлікпен кесіп өтудің орналасу орындарын шалуға, бағандыққа және орман өсіруге, кез келген құрылыстар мен ғимараттар салуға, магистральдық құбырдың меншік несінің келісімінсіз тау-кен, құрылыс салу, монтаждау және жару жұмыстарын жүргізуге, жердітегістеуге, ұңғымалар, тікқазбалар орнатуға және топырақ сынама алары (топырақ үлгілерін басқа) алуға байланысты геологиялық түсіру, іздеу, геодезиялық және басқа да іздестіру жұмыстарын жүргізуге болмайды.

Магистральдық құбырды пайдалану кезінде құбырдың желілік бөліктері, бас және аралық сорғы және компрессорлық станциялар, ғимараттар мен құрылыстар, газ тарату станциясы, құю сорғы станциялары, қысымды төмендету станциялары, мұнайды жылыту станциялары, резервуарлық парк, құбыржолдары коррозиядан электр химиялық қорғау қолдырғылары, технологиялық байланыс желілері мен құрылыстары, құбыржолдарды телемеханика құралдары, электр беру желілері және электрмен жабдықтау құрылыстары, бекіту амуратурасы және электрхимиялық қорғанысты қашықтықтан басқаруға арналған жолдар, желілік бөліктің трассасы бойында орналасқан тікұшақ алаңдары және оларын кіреберістерін қатаң бақылауда болуы қажет.

ОБЛЫС ТҮРҒЫНДАРЫ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНА 76,5 МЛРД ТЕҢГЕ АУДАРДЫ

Жүйе іске қосылған 2017 жылдың 1 шілдесінен 2024 жылдың 1 маусымға дейін Қызылорда облысының тұрғындары Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 76,5 млрд. теңге аударды, оның 46 млрд. теңгесі жұмыс берушілердің аударымдары болса, қалған 30,5 млрд. теңге - жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісімшарт негізінде еңбек ететін тұлғаларға тиесілі, - деп хабарлады «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» ҚЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов.

Жинақталған қаржы сенімгерлік басқару туралы келісім бекітілген Ұлттық банкте сақталып және МӨМС пакеті шеңберіндегі қызметтер ақысын төлеуге жұмсалды.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» ҚЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалдың халықты ақпараттандыру және өтініштерді қарау жөніндегі бөлімі

ОРМАНДЫ ЖАНАМА ПАЙДАЛАНУШЫЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

«Қалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» ҚММ Сізге, уақытша пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры жерлерінде өтуге тыйым салынған есірткі өсімдіктері егілген анықталған жағдайда ҚР Заңдарына сәйкес берілген орман қоры жерлері қайтарылып алынатындығын ескертеді. Сонымен қатар, есірткі өсімдіктері егілген алқаптарды байқасандар төмендегі сенім телефондарына хабарланғандары №8-724-31-21-2-82, 102 берілген ақпараттар құпия сақталады.

«Қалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» ҚММ

«Мұнайлы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» (БСН 070740007301) белу жолымен қайта ұйымдастырылуына байланысты, талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Манғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Манғыстау ауылы, 14 квартал, 302 кабинет, тел: 46-51-83

В связи с реорганизацией путем выделения государственного учреждения Мунайлинский районный отдел «Мунайлинский районный отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» (БИН 070740007301), иски принимаются в 2-месячный срок со дня опубликования настоящего объявления по адресу: Мангистауская область, Мунайлинский район, село Мангистау, квартал 14, строение 30, кабинет 302, тел:46-51-83

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Бас редактор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сана менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – ғ, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов көшесі 36 а,
1 қабат 7 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 ұй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетінде жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9820 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №133

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/